

А. Б. Темірболат  
Н. Ж. Кенжеғараев



АБАЙДЫҢ  
ПОЭТИКАЛЫҚ  
ӘЛЕМІ

ПОЭТИЧЕСКИЙ  
МИР АБАЯ

Алматы 2015

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

---

А.Б. Темірболат  
Н.Ж. Кенжеғараев

АБАЙДЫҢ ПОЭТИКАЛЫҚ  
ӘЛЕМІ

---

ПОЭТИЧЕСКИЙ МИР  
АБАЯ

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0(035.3)  
КБЖ 83.3(5 Каз)  
Т 33

*Баспаға ал-Фараби атындағы Қазақ Ғилмиқ университетінің  
филология, әдебиеттану және әлгеи мидері факультетінің  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық баспа кеңесі  
ішешімімен ұсынылған*

**Пікір жазғандар:**

филология ғылымдарының докторы, профессор **З.Н. Сейітжанов**  
филология ғылымдарының докторы, профессор **Т.С. Төбесенов**  
филология ғылымдарының кандидаты **А.К. Қалиева**

Т 33 **Темірболат А.Б.**

Абайдың поэтикалық әлемі – Поэтический мир Абая:  
Монография / А.Б. Темірболат, Н.Ж. Кенжетараяев. – Алматы:  
Қазақ университеті, 2015. – 190 б.  
ISBN 978-601-04-1377-1

Монографияда Абайдың көркемдік әлемінің ерекшелігі зерттеледі.  
Диекрус, диалог талдаудың негізгіне авторлар өлеңдерінің табиғатын аша-  
ды. Хронолог категориясына көп назар аударылды. Абай өлеңдерінің ұа-  
қыт пен кеісетік құрылымы мен қызметтері анықталды.

Монографиялық зерттеу филология факультеттерінің оқытушылары  
мен докторанттарына, магистранттары мен студенттеріне, жалпы әле-  
биетсүйер қауымға арналған.

В монографии исследуется своеобразие художественного мира Абая.  
На основе анализа диекруса, диалога авторы раскрывают природу его по-  
эзии. Большое внимание уделяется категории хронологии. Выделяются функ-  
ции времени и пространства в поэзии Абая.

Монографияческое исследование адресовано преподавателям, докто-  
рантам, магистрантам, студентам филологического факультета и всем ин-  
тересующимся литературой.

ӘОЖ 821.512.122.0(035.3)  
КБЖ 83.3(5 Каз)

ISBN 978-601-04-1377-1

© Темірболат А.Б., Кенжетараяев Н.Ж., 2015  
© Ал-Фараби атындағы Қазақ У., 2015

## КІРІСПЕ

Абай шығармашылығы қазақ ғылымында ең көп зерт-  
телген нысандардың бірі. Әдебиеттанушы ғалымдар  
ақын шығармашылығының түрлі қырларына зерттеу  
жүргізіп, іргелі монографиялар жарияланды.

Абайтану ғылымының іргетасын қалап, ақын шығармашылы-  
ғын тұтаст зерттеуде жанкиярлық еңбек атқарған Мұхтар Әуезов-  
тің салған данғыл жолы ғұламаның шығармашылығын зерттеудің  
билік межесіне, эталонына айналды. Жалпы Қазақстан әдебиетта-  
нуы ғылымы да Абай шығармашылығын зерттеумен қалыптасты-  
ды, артық айтқандық емес. Сондықтан да Абай шығармашы-  
лығы туралы сөз айту кез-кезге зерттеушіге оңай түспесі анық.  
Адамдықтың, ақындықтың, ойшылдықтың, азаматтықтың заңдар  
шынына шыққан ақын шығармашылығы туралы сөз қозғау үшін  
зерттеушінің алдымен дананың айтқандарын тұшына алатын қа-  
білет-қарым, дарығы, білімі болуы қажет. Абай шығармашы-  
лығын талдау ғалымнан көптеген ізденісті, өрені, сертек сананы,  
шалқар шабытты, риясыз көңілді, ақ жүректі қажет етеді.

А. Құнанбаев шығармашылығы әр жылдар уақытында көр-  
некті ғалымдар тарапынан монографиялық тұрғыдан зерттел-  
ді. Ақын поэзиясын талдаған М. Әуезов, С. Мұқанов, Қ. Жұма-  
лиев, Ә. Жиренчин, З. Ахметов, М.С. Сильченко, А. Нұрқатов,  
М. Базаарбаев, Ж. Ысмағұлов, М. Мырзахметұлы, тіпші-ғалымдар  
Р. Сыздық, Қ. Өмірәлиев, педагогика, психология саласындағы  
Т. Тәжібаев, Қ. Жарықбаев, философтар Қ. Бейсембиев, М. Бу-  
рабаев, М. Орынбеков, Ғ. Есім, Ә. Нысанбаев, т.б. сынды ғалым-  
дардың монографияларымен қатар, Алаш ұранды әдебиет пен  
әдебиеттанудың өкілдері А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ж. Ай-  
мәуітұлы, М. Жұмабайұлының, Кенес дәуірі алғашқы кезеңінде